

Маңғыстау ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 3 сәуірдегі № 76 "Маңғыстау ауданы бойынша 2020 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Маңғыстау облысы Маңғыстау ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 28 желтоқсандағы № 475 қаулысы. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2020 жылғы 30 желтоқсанда № 4407 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 8 сәуірдегі № 299 "2020 жылға арналған нақтыланған республикалық бюджет туралы" Жарлығына сәйкес, сонымен қатар "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Маңғыстау облысы әділет департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінің 2020 жылғы 8 қыркүйектегі № 05-14-1450 ақпараттық хатының негізінде, Маңғыстау ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Маңғыстау ауданы бойынша 2020 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы" Маңғыстау ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 3 сәуірдегі № 76 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 4188 болып тіркелген, 2020 жылы 13 сәуірде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) қаулысына келесідей өзгеріс енгізілсін: көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын

2. "Маңғыстау аудандық білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі (С. Қалиева) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, оның бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын және Маңғыстау ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалысын бақылау Маңғыстау ауданы әкімінің орынбасары Е.Махмутовқа жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Маңғыстау ауданының әкімі

Т. Кушмаганбетов

Маңғыстау ауданы әкімдігінің
2020 жылғы "3" сәуірдегі №76
қаулысына қосымша

Маңғыстау ауданы бойынша 2020 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарындағы топтар	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарындағы тәрбиеленушілердің саны		Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарында бір тәрбиеленушіге бір айда жұмсалатын шығындардың орташа құны (теңге)		Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарында ата-ананың бір айдағы төлемақысының мөлшері (теңге)	
	Балабақша (мемлекеттік /жеке)	Мектепке дейінгі шағын-орталық (мемлекеттік/ жеке)	Балабақша (мемлекеттік /жеке)	Мектепке дейінгі шағын-орталық (мемлекеттік/жеке)	Балабақша (мемлекеттік /жеке)	Мектепке дейінгі шағын-орталық (мемлекеттік/ жеке)
1- ден 3-ке дейінгі топтар	560/431	26/32	31810	31116/31810	13130	13130
4- тен 5-ке дейінгі топтар	500/200		31810		13130	
6-дан 7-ге дейінгі топтар	500		31810		13130	
Барлығы	1560/631	26/32	x	x	x	x